

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округінің "Ақжол" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 14 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 13 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 6285 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 1102 ұсынысы негізінде Ырғызбай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округінің "Ақжол" шаруа қожалығының аумағына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 14 "Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округінің "Ақжол" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-16-171 тіркелген және 2019 жылғы 08 қаңтардағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ырғызбай ауылдық округінің әкімі

Б. Боранжанов